Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2008 жылғы Қазақстан халқына жолдауында еліміздегі қазіргі қоғамдық - саяси жағдайларды сипаттай отырып былай деген: «Демократиялық дамудың жалпыға бірдей танылған заңдылықтары мен біздің қоғамымыздың дәстүрлерін үйлестіре отырып, біз одан әрі де саяси жүйеде мемлекеттік құрылыстың Қазақстандық моделін жетілдіру жолымен жүре беретін боламыз. Бұл – біз мақтануға құқылы және бәріміз ұқыптылықпен сақтауға міндетті Қазақстандық «ноу-хау»[3].

Осы мәселені ескере отырып, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру мақсаты ұлттың ұлы идеясын ұстанып отырған мемлекетіміздің өмірінде, құқықтық мемлекетті құру жолында саяси

реформалар ерекше орын алады деген пікір баршылық. Құқықтық мемлекеттің нақты-тарихи қалыптасу тәжірибесі мен дамуы оның әлеуметтік-экономикалық және саяси деңгейімен, қоғамдық құқықты сезіне алушылығымен, ұлттық және тарихи салт-дәстүрлермен анықталады. Мұндай жағдайлардың бірі - аталған мемлекеттің бар болуы болып табылады. Құқықтық мемлекет проблемаларымен айналысып жүрген ғалымдар, соның ішінде заңгерлер мен саясаттанушылар, ең алдымен құқықтық мемлекеттің түсінігіне, оның принциптеріне, заңдылықтарына басты назарларын аударады. Бұл жолда, әрине, құқықтық мемлекет жайындағы теориялық концепцияларды ескермей болмайды.

Құқықтық мемлекет – конституциялық басқару тәртібі, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі бар мемлекет нысаны.

Құқықтық мемлекет – өзінің негізгі институттары ретінде билік бөлінісін, сот тәуелсіздігін, басқару заңдылығын, мемлекеттік билік тарапынан азаматтардың құқы бұзылуына жол бермеуді және оған қоғамдық мекеме тарапынан тигізілген залалдың құнын өтеп алуды қарастыратын мемлекет. Мемлекет дүниеге келгенге дейін азаматтық қоғам болған. Алғашқы қауымдық құрылыста адамдар өмірі азаматтық қоғам негізінде реттелген. Тіршілік пен адамдар арасындағы қатынастарды азаматтық қоғам институттары жүзеге асырған.

Өндіргіш күштердің пайда бола бастауымен, жеке топтар мен отбасылардың қолында артық өнімдердің шоғырлануы жеке иемденуді, иелер құқығын сақтау, меншіктер арасындағы қатынасты реттеу қажеттілігі саяси күштің – мемлекеттің пайда болуына әкелді.

Мемлекеттің іргесі қаланып, оның құрылымдық шарттарының нығая бастаған кезде бұрынғы азаматтық қоғам институттары ығыстырылды, қоғамды басқару мемлекеттің қолына көшті. Мемлекет нығая келе азаматтық қоғамның қызметтерін шектеп, біртіндеп олардың аясын тарылтты. Абсолютизм тұсында, тоталитарлық билік кезінде азаматтық қоғамның сүлдесі ғана қалды.

Америка мен Еуропа елдерінде либералдық демократияға көшу азаматтық қоғам институттарын қайта өмірге әкеліп, оның қызметтерін жандандыра түсті [2].

Дамудың демократиялық жолына түскен посткеңестік мемлекеттерде азаматтық қоғам қалыптастыруға, оның институттарын дамытуға бағытталды. Азаматтық қоғамды құруды елді демократияландырудың басты шарты деген көзқарас адамдар арасында бүгінде берік қалыптасқан. Сонымен, халықтың басым бөлігі – саясаткерлер де, қарапайым көзі ашық азаматтар да ден қоя бастаған бұл азаматтық қоғам деген не?

Азаматтық қоғам адамдардың сөз, жиналыс, еркін пікір айту, өз ойын ашық жеткізу, төл құқығын қорғай білу, еңбек ету, оқып-білім алу, әлеуметтік жағынан қорғалу, өзінің адами қажеттіліктерін қанағаттандыру

деген құқықтарын қамтамасыз ете ала ма? Азаматтық қоғам көпшіліктің өмірден күткен сұраныстарына толық жол ашатын бірден-бір институт феномен бе, әлде олардың көңілі ауған уақытша қызығушылық па? Сонда азаматтық қоғам дегеніміз не? Азаматтық қоғам ұғымымен қатар, соңғы кезде «құқықтық мемлекет» идеясы заңды ойлаудың тағы да ең маңызды идеясына айналуға, себебі ол жалпы азаматтық құндылықтар санатына жатады.

Қазіргі заманда құқықтық мемлекетті құру, қалыптастыру мәселесі ғаламдық проблемаға айналды. Өйткені адам қоғамының даму тарихында ешқашан, еш елде құқықтық мемлекет болған емес. Қазіргі кезде де жоқ. Болашақта да барлық елдерде бір мазмұнды, бір нысанды құқықтық мемлекет болуы мүмкін емес. Себебі әр елдің экономикасы, мәдениеті, әлеуметтік жағдайы, рухани санасы, саясаты бір деңгейде болмайды. Бұған қоса олардың географиялық, ұлттық ерекшеліктері болады. Құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды алғышарттарының ішінде азаматтық қоғамның алар орны бір төбе. Ал азаматтық қоғам алуан түрлі қоғамдық қатынастардың мемлекеттен біршама дербес болуын мақсат тұтса, бұл игі мақсат мемлекеттік биліктің құзыреті заңмен шектеліп, адам құқығы алдыңғы орынға шыққанда ғана емес, әрбір жеке адамның мүдделеріне қатысты басқарушылық саяси шешімдер мен бағдарламаларды жүзеге асыру болып табылады. Құқықтық мемлекет саяси билікті ұйымдастырудың формасы ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында құқықтың үстемдігі принципімен аса күрделі ұштасуына, биліктің бөлінуіне, бүкіл мемлекеттік механизмнің құқықпен байланыстылығына, заңдардың үстемдігіне, заңдылықтың жүзеге асуына, халық егемендігінің қамтамасыз етілуіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, ар-абыройларының сақталу кепілдігіне, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне, жалпыазаматтық құндылықтарды және әлемдік практиканы есепке алуға негізделеді [4].

«Азаматтық қоғам» ұғымы арқылы қоғамдық байланыстар мен қатынастардың жағдайы бейнеленіп, белгілі бір мемлекеттегі тұрғындардың азаматтық қайраткерлігінің қарқыны, мемлекет пен қоғамның әлеуметтік саладағы қызметтерінің бөліну деңгейі анықталады. Азаматтық қоғамның біздің түсінігіміздегі нақты анықтамасы мынадай: ол – құрамындағы мүшелердің арасындағы экономикалық, мәдени, құқықтық және саяси қатынастары дамыған, мемлекеттен тәуелсіз, бірақ онымен өзара әрекеттесуші қоғам, мемлекетпен бірлесе отырып, дамыған құқықтық қатынастар құрушы, жоғарғы дәрежелі әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және моральдық мәртебелі азаматтар қоғамы. Азаматтық қоғамның шынайылығы идеал мен идеалдық жобаның және осындай жобаны жүзеге асырушы қоғамның шын мәнісінде қол жеткізген жетістіктерімен анықталады. Адамның объективтік тарихи даму процесіне және күнделікті қарым-қатынасында қоғамның бірнеше түрлері болады: өндірістік қоғам,

шаруашылық қоғам, әлеуметтік қоғам, азаматтық қоғам т.б. Осылардың ішіндегі ең күрделісі, ең түпкіліктісі – адаммен бірге дамып келе жатқан азаматтық қоғам. Қоғамның басқа түрлері тез құрылып, тез тарап жатады. Олардың өмірі, іс-әрекетінің шеңбері, кеңістігі көп өлкеге жайылмайды, уақыты көпке созылмайды.

Қоғам - мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Оған қатынасушылардың табиғи және азаматтық құқықтарын, бостандығы мен міндетін автономиялық даму жолы қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамда үзіліс болмайды, уақыты шектелмейді, өлкеге-аймаққа бөлінбейді, мемлекеттің барлық жерін, барлық халқын біріктіреді.

Қоғам – мемлекетке тәуелді емес, дербес, ашық, жариялы қоғам. Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктері: кеңестік мейлінше мемлекеттендірілген күйден шығу, қоғам мен мемлекеттің ара қатынасын тәуелсіз - дербестікте дамыту [5].

Республика Конституциясы Қазақстандағы қоғамның барлық даму сатыларын мемлекетке бағындырмастан (оның айғағы — онда «Қоғам» бөлімнің әдейі болмауы) әлеуметтік бағдарлы нарық экономикасы мен жеке адамның автономиясын тұрақты қалыптастыру үшін оған қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалайды. Оған: тең дәрежеде танылатын және қорғалатын мемлекеттік меншікпен жеке меншікті (6-баптың 1-тармағы); адам және азамат құқықтарының кең ауқымды және біртұтас кешенін (II-бөлім); отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттің қорғауын (27-бап); идеологиялық және саяси әралуандылықты (5-бап) және тағы басқа Конституцияда бекітілген қазақстандық азаматтық қоғамды ерікті дамытудың алғы шарттарын жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында елімізде қоғамды қалыптастырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру бағыттары көрсетілген. Бұл бағыт мемлекетіміздің ең күрделі, ең жауапты мүдде-мақсаты [6].

Бүгінгі таңдағы көзқарас бойынша, азаматтық қоғам бұл айтылғандармен қоса, демократиялық заңдар, биліктің тармақтарға жіктелуі, заң жүзіндегі оппозицияның болуы, көппартиялық жүйе сияқты басқа да азаматтық өмірдің құндылықтарын, адамдардың саяси және әлеуметтік бостандықтарын және олардың ассоциацияға, топқа, партияға бірлесуін жүзеге асырушы тетіктерді қамтиды. Азаматтық қоғам заңды тіркелген, құрылымды бекітілген және психологиялық тұрғыда қамтамасыз етілген әлеуметтік-саяси қызметтің материалдық және идеялық плюрализммен ажырамас бірлікте. Ал адамның жеке өміріне ешбір қол сұғушылыққа жол берілмейді, ол тек заңды бұзып, оған қайшы келмесе болғаны. Адам құқығы басты орындағы мәселе.

Соңғы кездері «құқықтық мемлекет» идеясы заңды ойлаудың тағы бір ең маңызды идеясына айналуға, себебі ол жалпы азаматтық

құндылықтар санатына жатады.

Құқықтың мемлекет терминінің өзі ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында неміс ғалымдарының еңбектерінде жарық көрді. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, дамыту адам қоғамының көне заманнан негізгі мақсаты болды. ХІХ ғасырдың соңы және ХХ ғасырдың алғашқы жартысында құқықтық мемлекет теориясы құқықтық мемлекет жөніндегі үстемдігін бекітті. Қазіргі кезеңде теорияның даусыз мойындалып отырған белгісі – мемлекет пен адам арасындағы байланыста басымдықтың адамға берілуі. Мемлекеттің міндеті тек адамдардың кейбір топтарына ғана қатысты емес, жекелей алғанда әрбір адамның мүддесіне қатысты басқарушылық шешімдер мен бағдарламаларды жүзеге асыру болып табылады. Сондықтан да құқықтық мемлекет құрудың мәселелерін кешенді түрде талқылау бірінші кезектегі міндетке жатады.

Осы жұмысты жазу кезінде көптеген арнаулы ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, мемлекет пен құқық теориясы мен тәжірибелеріне, Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқық теориясына, шетелдік мемлекеттердің мемлекеті мен құқық теориясына арналған әдебиеттер, бұқаралық ақпарат құралдарының мағлұматтары пайдаланылды[6].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Баққұлов С. Құқық негіздері. Алматы, 2004ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2008 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.
- 4 Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы баспасы, 2008 жыл. Қазақ энциклопедиясы.
- 5 Оспанов К.И. Құқық негіздері. – Алматы: Жеті жарғы, 2007 ж.
- 6 Сапарғалиев.Г. Қазақстан Республикасының құқық негіздері. Алматы. Жеті жарғы, 1996 ж.

УДК 130.2

Князбаева С.Л., А.Қанатқызы

Қазақтың спорт және туризм академиясы,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еліміз қаншама экономикалық және саяси жетістіктерге жеткенімен, мәдени қайта өркендеу, дәстүрімізді жаңғыртпайынша, өркениетті елдер қатарына қосыла алмаймыз. Сондықтан, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту өзекті мәселе

болып саналады.

Тәуелсіздікке қолы жеткен еліміздің алдынды руханият саласында орасан зор, әрі қасиетті мақсат - халық рухын, оның өзегі – ұлттық философияны, дәстүрді жаңғырту немесе қайтадан қалпына келтіру.

Ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту;

- осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгірттік жағдайдан арылу;

- ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын белсенді түрде меңгеру.

Дәстүр позициясы әсіресе алғашқы қауымдық мәдениетте мықты (сондықтан да ол кезеңді дәстүрлі деп те атайды). Жазу болмаған жағдайында мәдени сабақтастық әдет-ғұрыптарға сүйенеді.

Американдық этнограф Маргарет Мид дәстүрлі мәдениеттің осы ерекшеліктеріне көңіл аударады және оны постфигуративті деп атайды. Бұл мәдениетте дәстүрлер басымдылық маңызға ие болады, байланыс үлкеннен кішіге қарай жүріп, өткен шақ бір жақты түрде болашақты айқындайды. Ғасырлар, тіпті мың жылдықтар өткенімен барлық ескілік сақталады. «Менің әкелерім, ата-бабаларым не істесе, менде соны істеймін», - деп жариялайды постфигуративті мәдениет өкілі.

Дүниетанымдық типтердің алмасуы барысында мәдениеттанымдық еңбектерде мифологиялық, дәстүрлік және жаңашылдық кезеңдер ерекшеленеді.

А.Х. Қасымжанов қазақ халқының рухани мәдениетіндегі мынандай кезеңдерді бөліп алады:

- 1) Мифология.
- 2) Ренессанс(жаңғыру).
- 3) Ағартушылық.

Миф – көне аңыз, әңгіме тарихи-мәдени сананың ерекше күйі. Ежелгі мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жіті түсінді.

Қазақтың арғы ата-тектерінің дүниені мифтік тұрғыдан түсінуі әлемдік үлгілермен сабақтас. Көк тәңірі, жер-су мен Ұмай ананы айтпағанның өзінде, түркі халықтарының арғы ата-тек туралы түсініктері тарихтың алыс қойнауларында қалыптаса бастаған. Көркем шығармаларда бейнеленген тотемдер мифтің әсерлі белгілері саналады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тотемдік ұғымдар сақталғанымен, олардың нақтылы көріністері өзгерді. Мифтік уақытты басқа типтер ауыстырған сонда тотемдік түсініктер халық жадында архетиптік қызмет атқарып, басқа рәміздер мен таңбаларға айналды. Мысалы, жаугершілік және бостандық

үшін күрес заманында Көкбөрі қайсарлыққа шақырған рәміздік рөл атқарған.

Егер аңыздармен бай халықтарға үнді мен гректерді жатқызса, қазақ елі де олардан кем түспейтін болар. Өйткені, өне бойы көшіп-қонып жүрген халықтың бір ғана байлығы болды, ол оның тілі, бабалардан келе жатқан дәстүр, аңыз-хикаялар, нақыл сөздер. Олардың көбі жаңа ғана жарық көріп, философиялық тұрғыдан талдануда. Көне түріктердің түсінігі бойынша, бұл Дүние жоқтан бұрын пайда болған. Оны ұстаға ұқсайтын Жаратқан тудырды. Дүние негізінен: жер, су, от, ауадан тұрады. Ол неше түрлі қайшылыққа толы: жер мен күн, өмір мен өлім, адам мен табиғат, бақ, құт пен зардап, жарық пен қараңғы, жылы мен суық т.с.с. Аспанға көз жіберген ежелгі түрік бабаларымыз оны Тәңір Жаратқан әлеміне жатқызған.

Біздің ойымызша қазақтардың дәстүрлі мәдениеті түркі тайпаларының этникалық бірігуі тұсында қалыптасқан. Этникалық үдерістердің жойқын күші Исламдық ренессанстың біріктіруші шеңберін бұзып шықты. Бұл үдерісті әртүрлі бағалауға болады. Қалыптасушы этностар (қазақтар, қырғыздар, өзбектер және т.б.) тұрғысынан көшпелі орталық –азиялық империялардың құлауы жағымды оқиға болды. Қазақ мәдениетінің дәстүрлі кезеңі түркі номадизмінің мәнін өз бойына неғұрлым толық сіңірген, өйткені ол XX ғасырдың басына дейін көшпелі мал шаруашылығын сақтап келді.

Ағартушылық бағыты таза ұлттық қасиетке ие. Оның түрлі ұлттық ерекшеліктері әлемдік жалпылықпен астарланып жатыр. Қазақ ағартушылығының ерекшелігі – ұлттық мәселені басты проблема етіп қою, қоғамдық практикамен тығыз байланысты. Қазақ халқының тарихында XIX ғасыр ерекше орын алады. Бұл ғасыр қазақ мәдениетінде «ағартушылық философия» деп аталады. Қазақ ағартушылық философиясының көрнекті өкілдері: Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865)-XIX ғасырдағы қазақ философиясының көрнекті өкілі. Тарихшы, саяхатшы, аз болса да өте мәнді өмір сүріп, қазақ халқының тарихында ерекше із қалдырды. Оның негізгі еңбектерінің ішінде «Бақсылық туралы», «Сот реформасы туралы», «Даладағы мұсылмандық туралы» деген дүниетанымдық, қоғамдық мәселелерді зерттейтін еңбектері бар. Шоқанның ғылыми зерттеулерінің негізгі тақыптары халқының тарихы, тұрмысы және адамгершілік мәселелері.

Шоқанның ғылыми зерттеулерінің негізгі тақыптары халқының тарихы, тұрмысы және адамгершілік мәселелері.

Ш.Уәлиханов орыс мәдениеті мен ғылымының қазақ халқының тағдырында маңызды роль атқарғандығына көңіл бөледі. Алдыңғы қатарлы гуманист орыс ғалымдары мен жазушылары халықтың рухани

өркендеуіне, өсуіне өз үлесін қосты.

Қазақ философиясының көрнекті өкілі – Шәкәрім Құдайбердиев. Ол арнайы философиялық трактат «Үш анықты» жазған. Өзінің рухани ұстаздары Шоқан, Абай, Ыбырайға қарағанда грек, европа философиясының тарихын тереңірек біліп, оған баға беріп, өзіндік ой қорытты. Бұл ғалымның іздену аясының кеңдігін дәлелдейді.

Шәкәрім философия тарихында маңызды екі бағыт, екі түрлі дүниетанымдық ұстаным бар екенін дұрыс түсінген. Мұның өзі үлкен жетістік. «Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі, дене өлсе де жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке тіпті, ұқсаматын бір түрлі өмір бар. Сондықтан сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет - өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі, бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді» – деп жазды Шәкәрім «Үш анықта».

Абай Құнанбаевтың философиялық ойлары терең және жан-жақты. Оның шығармашылығындағы дүниетанымдық сұрақтар құдай мен табиғаттың, құдай мен адамның, жан мен тәннің, өлім мен өмірдің арасындағы қатынастар мәселесі болып табылады. Абайдың пікірінше, құдай - әлемнің алғашқы себебі немесе түпнегізі. Құдай әлемді жаратты, сонан соң ол оның дамуына араласпайды, яғни әлем өзіндік заңдарына сүйеніп дамиды.

Адамның белсенділігін көрсете отырып, Абай құдай адамды ақылды немесе ақымақ, мейірімді немесе қатал, бай немесе кедей еткен жоқ. Бәрі адамның өзіне, оның ақылына және қоршаған ортасына байланысты. Абай дүниетанымының өзегі, күре тамыры – адам. Адам Абай үшін оның организмін, іс - әрекетінің мақсатын және үйлесімділігін, талап – тілегі мен қызығушылығын зерттегенде физиологиялық – психологиялық нысан, ал таным процесінің мәнін түсіндіргенде – философиялық нысан, жақсылық пен жамандықтың мағынасын алып, «Адам бол» этикалық принципін негіздеген уақытта этикалық нысан болып табылады.

2013 жылдың қыркүйек айының 27-28 күндері Алматыда І қазақстандық философиялық конгресс өтті. Бұл жиын «Қазіргі әлемдегі философия: даму стратегиясы» тақырыбына арналған. Осы конгрестің аясында Қазақстан философия қоғамын құру жоспарланды. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жүйелі жаңғыртуымен сипатталады. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейдегі міндеттерді жүктейді. Бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін, негізін құрайтыны анық. Соңғы екі-үш ғасырда отаршыл

саясатқа қарсы жүргізілген үш жүзден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған ұлттық тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, бүкіл әлем мойындаған дербес елге айналдық.

Алайда, қазіргі жаһандану заманында бәсекелестікке төтеп беру де оңай шаруа емес. Ұлттық намыс пен жігерді жани, ұлттық рухты асқақтата түсу керек деп ойлаймын. Бұл үшін өз қазанының ішінде қайнап қана қоймай, одан асып-төгіліп, өзіміздің тамаша ұлттық құндылықтарымызды сыртқы әлемге де таныта білуіміз керек. Қазіргі қазақ философиясының мәні барлық жағынан алғандағы еркіндік және еркін ойлайтын тұлғаны қалыптастыру мәселесімен астасып жатады.

Қазақ мәдениетінің өткені, оның терең рухани қыртыстары мен болмысы, бүгінгі мәдени ахуалдың қайшылықтары мен келешегі мәселелерін зерттеу өзінің көкейкестілігімен көзге түсіп, отандық философия ғылымына маңызды міндеттер жүктейді. Егер Батыста кәсіби формадағы университеттік философия үстемдік етсе, қазақтардың ұлттық дүниетанымы көркемдік және діни мәтіндердің дәстүрлі түрлерінде, ақын-жыраулардың, би-шешендердің, ағартушылардың шығармашылығында басым болып келеді. Бұл қазіргі кезде еуро-орталықтық ойлау тәсілінен арылған қазақ философиясының болашағы туралы мәселені күн тәртібіне қояды.

Қазіргі кезеңде Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған және елімізде іске асып жатқан «Қазақстан-2050» Стратегиясы негізінде өзінің болашағын, рухани бағыт-бағдарын анықтау үстінде, сонымен бірге, әрбір қазақстандықтың көңілінде жатқан көптеген сұрақтардың шешімі табыла бастауы заңды. Ал, енді экономиканы, әлеуметтік мәселелерді бір жүйеге келтіру арқылы қоғамға тиімді рухани құндылықтар жүйесін қалыптастыруға болады деген үстірт пікір бар. Себебі, руханилық қолайлылықтан туындамайды. Керісінше, ол қиындықты адамдар жұмыла отырып бірге жеңе білуге үйрену, ешкімді шыққан тегі мен түр-түсіне, өмір сүру салтына қарап шеттетпеуден басталады. Ал биік деңгейдегі руханилық пен мәдениет орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыттылыққа жеткізеді. Қазақ ойшылдарының шығармашылығында еркін ойлауға негізделген осындай бағыттағы озық даналық үлгілері көптеп кездеседі. Данышпандарымыздың кісілік философиясының мәні мен маңызы да осында. Қазақтың бай бәсекеге қабілетті төлтума мәдениетін қалпына келтіру, халықтың шынайы тарихын жан-жақты түсіну үшін де оның дүниетанымдық негізі мен әдіснамалық құралын тереңірек қалыптастыру қажет.

УДК 327.5

Кульбаева А.Т.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби
г. Алматы, Республика Казахстан

ПРОБЛЕМА 2014 В КОНТЕКСТЕ ПРЕЗИДЕНТСКИХ ВЫБОРОВ В АФГАНИСТАНЕ: КАЗАХСТАНСКИЙ ВЕКТОР

Все ближе час «X». Вот уже на протяжении нескольких лет час «X» для Центральной Азии – это конец 2014 года, время вывода американского контингента из Афганистана.

23 июня 2011 года в Восточном зале Белого Дома Б. Обама заявил о необходимости вывода войск не только США, но и всей коалиции НАТО из Афганистана к концу 2014 года. В течение последующего времени эту новость не комментировал только ленивый; каждый из главнокомандующих стран, чьи контингенты расположены в Афганистане, поддержал эту идею. С ее резкой критикой выступили страны, не участвующие в Международных силах содействия безопасности, в первую очередь Россия, наученная горьким опытом собственного пребывания в этой стране. Министр иностранных дел С. Лавров заявил, что «Международные силы содействия безопасности, костяк которых составляет контингент США, находятся в Афганистане по мандату Совета Безопасности ООН (...). Поэтому прежде чем уходить, необходимо отчитаться перед Совбезом ООН о том, что мандат, который был предоставлен и выполнять который вызвались натовцы, выполнен» [6]. Позже, выступая на совещании министров обороны и иностранных дел стран НАТО в Брюсселе, он также добавил, что «до тех пор, пока афганская сторона не будет в состоянии сама обеспечить безопасность в своей стране, какие-то искусственные сроки вывода войск не вполне корректны». К сожалению, лишь немногие, в числе которых представители ИСАФ, склонны полагать, что афганское правительство действительно в состоянии обеспечивать безопасность в своей стране. Свою озабоченность поспешностью вывода войск выразили и многие азиатские государства, в том числе Китай.

Однако, уже начиная с июля 2011 года страну поэтапно покидают американские, британские, канадские, французские военные, передавая контроль за обстановкой афганским военным и полицейским силам. Американское общество, озабоченное огромным валом внутренних проблем, позитивно восприняло вывод войск: с одной стороны, это возможность сохранить жизнь вернувшимся солдатам, с другой – это сокращение многомиллиардных трат на военный бюджет. Ну, и кроме того, это выполнение обещания, данного Обамой еще в 2009 г. Подобная демонстрация позволила Обаме переизбраться на второй президентский

срок, и с этого момента проблема вывода войск уходит на второй план. Становится совершенно очевидным, что американцы «уйдут, чтобы остаться»: в стране будет находиться специальный контингент НАТО (миссия будет называться «Решительная поддержка»), для решения экономических проблем разрабатывается транспортно-логистический проект «Новый Великий шелковый путь». Однако с той же очевидностью можно утверждать, что взгляд в будущее этой многострадальной страны пессимистичен: большинство аналитиков считают, что вывод войск коалиции обернется для Афганистана полной катастрофой.

Подобный взгляд исходит из понимания целей проводившейся в Афганистане операции – победа над терроризмом в лице Аль-Каеды и Талибана. Вряд ли кто-нибудь возьмет на себя смелость сегодня заявить, что цель достигнута. Другое дело, что сами американцы и их союзники по коалиции считают и хотят убедить в этом весь остальной мир, что «американцы покидают Афганистан, который находится на пути к стабильности или, по крайней мере, не является безнадежным вариантом» [7]. В то же время большинство сторонних наблюдателей считают, что американцы уходят из Афганистана потому, что продолжать эту бессмысленную и совершенно безнадежную войну нет ни финансовых средств, ни политических возможностей [3].

В связи с этим руководство соседних стран и экспертное сообщество озабочены выработкой стратегии противодействия возможным угрозам, в появлении которых никто не сомневается. Обеспокоенность проявлением этих угроз не праздная: абсолютное большинство экспертов предполагают расширение зоны нестабильности в Центральной Азии посредством усиления позиций радикального ислама, проникновения носителей террористической угрозы, увеличения наркотрафика, роста миграционных потоков из охваченного гражданской войной Афганистана. В наибольшей степени этим угрозам будут подвержены государства, граничащие с Афганистаном – Таджикистан и Узбекистан. Но и дальние соседи встревожены развитием ситуации в стране. Наибольшую озабоченность проявляет Российская Федерация, имеющая крайне беспокойный Северный Кавказ и весьма неоднозначно настроенный поволжский регион. Именно поэтому Россия всеми силами педалирует процесс выработки мер по противодействию возможной эскалации напряженности после вывода войск. Вместе с тем, конечно, нельзя не учитывать и заинтересованность России в усилении своих позиций в Центральной Азии, используя изменение стратегической обстановки: крупнейший игрок (США) ослабляет свое внимание к региону, Россия же хочет вернуть былые позиции в нем (неудивительно поэтому настойчивое требование РФ полностью вывести войска из Афганистана и региона, но лишь по достижении всеобъемлющей стабилизации в стране).

Главным средством в решении этих равнозначных задач Россия

считает активизацию деятельности профильных организаций, в первую очередь ОДКБ. Поэтому в течение года было проведено несколько совещаний ОДКБ на различных уровнях для координации усилий стран-участниц в противодействии означенной угрозе. 28 мая 2013 г. в Бишкеке прошел неформальный саммит глав стран-участниц ОДКБ, основное внимание на котором было уделено как раз проблеме – 2014. Президент РФ прибыл в Бишкек с «прорывной идеей» по решению проблемы наркотрафика, однако далеко идущих решений по этому вопросу саммит не принял.

Более плодотворным, на наш взгляд, оказался саммит в Сочи, на котором по предложению глав пограничных служб стран-участниц ОДКБ было принято решение усилить меры по охране внешних границ организации. Страны-участницы взяли на себя ответственность за обеспечение материально-технической безопасности таджикской границы: «Что может дать, например, Российская Федерация? Я понимаю, что прежде всего, вооружения. Что может дать Беларусь с учетом ее возможностей? Я знаю, что там есть оптические предприятия, значит, может быть, оптику. Ну, и так далее. То есть, каждое государство, по мере своих возможностей определит номенклатуру того вооружения или технических средств, которые оно может предоставить безвозмездно Таджикистану» - заявил Генеральный секретарь ОДКБ Н. Бордюжа [1]. В продолжение достигнутых договоренностей страны-участницы Организации до конца 2013 г. провели первый этап укрепления таджико-афганской границы – в Таджикистан направлена соответствующая военно-техническая помощь: оружие, боеприпасы, предметы экипировки, специальные средства, оптические средства, т.е., то, что необходимо, в первую очередь, таджикским пограничникам для организации эффективной охраны государственной границы [5].

Озабоченность России по вопросу проблемы – 2014 разделяет и Таджикистан. Несмотря на то, что еще год-два назад руководители страны говорили о возможности самостоятельно справиться с надвигающейся угрозой, теперь тон их заявлений несколько изменился. Во всяком случае, на саммитах 2013 года Э. Рахмон не противился идее помочь Таджикистану обустроить государственную границу. По словам Бордюжи, второй этап укрепления таджико-афганской границы будет осуществляться в форме реализации целевой межгосударственной программы по созданию инфраструктуры этого южного участка границы зоны ответственности ОДКБ, которая рассчитана на несколько лет. «В результате... мы надеемся на то, что эта граница будет охраняться более эффективно и не позволит переправлять вооруженные группы боевиков и крупные партии наркотиков», - заключил Бордюжа.

Однако следует отметить, что в Организации нет единства мнений по вопросу масштабов и реальности угрозы, связанной с выводом войск из

Афганистана. Президент Н. Назарбаев не раз заявлял о том, что не стоит преувеличивать угрозу дестабилизации центрально-азиатского региона. Выступая на Евразийском медиа-форуме 24 апреля 2013 г. Назарбаев заявил, что ничего катастрофического не произойдет. Надежды на спокойное развитие ситуации вокруг Афганистана Назарбаев, как и некоторые эксперты, связывает с поэтапностью вывода войск коалиции, внутриафганским урегулированием, помощью мирового сообщества в рамках Стамбульского процесса, изменением самого Центрально-азиатского региона. «Центральная Азия - это не забытая Богом окраина, а новый, динамичный регион всей Евразии и мира. Казахстан и другие государства, находящиеся здесь, доказали свою способность к суверенному, достойному развитию», - подчеркнул Назарбаев [2]. Можно также добавить, что регион уже сталкивался с подобной угрозой, и не раз: когда к власти в Афганистане пришли талибы, когда были введены войска коалиции, также предполагалось неблагоприятное развитие ситуации в регионе. Однако катастрофы действительно не произошло.

Н. Назарбаев считает, что международному сообществу стоит сосредоточиться на решении экономических и гуманитарных проблем, тогда вопрос вывода коалиционных войск не будет стоять так остро. Казахстан в этом направлении действует уже давно. Еще в 2008 г. Правительство РК в рамках плана мероприятий по содействию Афганистану профинансировало строительство социальных и транспортных объектов, в 2010 г. в рамках официальной гуманитарной помощи было отправлено 6 тыс. тонн продуктов. Особую важность в контексте внутриафганского урегулирования приобретает разработанная по поручению Президента образовательная программа, предусматривающая обучение тысячи афганских студентов в казахстанских вузах на период с 2010 по 2020 г. общей стоимостью 50 млн. долл. На постоянной основе действует Казахстанско-афганская межправительственная комиссия по торгово-экономическому сотрудничеству.

В июне 2012 г. страну в рамках саммита стран-участниц Стамбульского процесса посетил тогдашний министр иностранных дел РК Е. Казыханов, который подписал меморандум о постоянных консультациях двух внешнеполитических ведомств, кроме того, были достигнуты договоренности по линии МЧС – помощи в случае чрезвычайных ситуаций.

Казахстан движется в направлении т.н. «малых дел», когда постоянная кропотливая работа по решению повседневных проблем дает ощутимый результат лишь через несколько лет. Однако, работа большого количества заинтересованных стран существенно сократило было срок продвижения к намеченной цели – стабилизации обстановки в Афганистане.

Важным, если не одним из решающих, элементом проблемы 2014 являются выборы президента Афганистана, первый тур которых прошел 5 апреля 2014. Учитывая большое количество претендентов, а в период выдвижения свои кандидатуры на пост президента предложили 27 человек (впоследствии их число сократилось до 8), совершенно естественным было заблаговременное определение даты второго тура выборов – июнь 2014 г.

Ушедший Хамид Карзай оказался не в состоянии решить огромное количество проблем, стоящих перед Афганистаном. Можно с большой долей уверенности предрекать такую же судьбу новому президенту. Лидировавший по предварительным результатам до первого тура выборов Абдулла Абдулла, мнение о котором в народе крайне неоднозначное, будучи таджиком, некогда связанным с «Северным Альянсом», с большим трудом смог бы завоевывать симпатии представителей пуштунов, узбеков, белуджей и других племен. Кроме того, что бы ни говорили первые лица Афганистана, в том числе Абдулла Абдулла, в глазах большинства населения страны они выглядят как креатура Запада, и никто не ожидает от них самостоятельной политики. Предвыборная программа Абдуллы, включавшая в себя интеграцию афганского общества (в том числе представителей «Талибана»), замену президентской республики на парламентскую, частичное избрание губернаторов, укрепление политических партий, решение проблем, связанных с линией Дюрана (неразмеченная граница между Афганистаном и Пакистаном, возникшая в ходе англо-афганских войн в XIX веке), обеспечение прочных связей с мировым сообществом, носила общенациональный характер. Тем не менее это впечатление не обеспечило ни победы ее автора во втором туре, ни, тем более, ее исполнение.

Довольно неожиданным стал проход во второй тур выборов Ашрафа Гани Ахмадзая, ведь в предвыборном раскладе ему, в лучшем случае, отводили третье место (была сильна инерция выборов 2009 г., где Ашраф Гани набрал всего 3%). Однако резкая смена имиджа накануне выборов принесла успех претенденту: надев шалбар, повязав тюрбан, взяв в руки четки, отрастив бороду, присоединив к имени родовое Ахмадзай, Ашраф Гани смог в какой-то мере дистанцироваться и от Карзая и от Запада. Учитывая его финансово-бюрократическое (сотрудник Всемирного банка, министр финансов, закончивший Американский университет Бейрута) американское (Ахмадзай – гражданин США) прошлое, прорыв весьма впечатляющим и показательным: он выиграл второй тур выборов.

Предварительные результаты первого тура выборов (официальная информация представлена 24 апреля 2014 г.) [8].

| Кандидат | Номинировавшая партия | Голоса | % |
|---------------------|-----------------------|---------|-------|
| Абдулла Абдулла | Национальная коалиция | 212 312 | 41,89 |
| Ашраф Гани Ахмадзай | беспартийный | 190 561 | 37,60 |
| Залмай Рассул | беспартийный | 49 821 | 9,83 |

| | | | |
|---------------------|---------------------------------|----------------|------------|
| Абдул Расул Сайяф | Исламская даватская организация | 25 679 | 5,07 |
| Кутбuddin Хилал | беспартийный | 13 536 | 2,67 |
| Гул Ага Шерзай | беспартийный | 11 132 | 2,20 |
| Давуд Султанзой | беспартийный | 2 442 | 0,48 |
| Hedayat Amin Arsala | беспартийный | 1 360 | 0,27 |
| Всего | | 506,843 | 100 |

Второй тур выборов, приведший к победе Ашрафа Гани Ахмадзая с 56,44 % голосов, вызвал бурю эмоций не только в избирательных штабах, но и на улицах городов Афганистана. Недоверие Абдуллы Абдуллы к результатам, объявленным Национальной избирательной комиссии, вызвало в стране политический кризис, не на шутку обеспокоивший страны - коспонсоры мирного процесса в Афганистане. Настойчивые попытки американских властей избежать эскалации ситуации в стране привели к явному недовольству афганского населения - они были восприняты как прямое вмешательство в избирательный процесс. Повторный подсчет голосов с перерывами продолжался почти три месяца, что не добавляло спокойствия афганскому обществу.

В течение этого времени кандидаты с трудом договаривались о дальнейших действиях: лишь соглашение, подписанное в августе 2014 г. в какой-то мере стабилизировало обстановку - проигравший кандидат по этому соглашению должен был получить важную управленческую позицию в новом правительстве.

Официальные результаты выборов с учетом пересчета голосов были объявлены лишь 21 сентября, тогда же официально было заявлено о том, что Абдулла Абдулла после подписания соглашения о создании правительства национального единства займет в нем должность председателя, специально созданную для этого. Кроме того, двое его заместителей вошли в кабинет министров и Совет национальной безопасности. Еще одним важным пунктом соглашения является обязательство внести на рассмотрение Лояя Джирги проект изменений Конституции Исламской республики Афганистан о введении должности премьер-министра с полномочиями, которые фактически предоставлены доктору Абдулле в новом правительстве [4].

Несмотря на официальное окончание полугодового марафона под названием «Афганские выборы» (29 сентября 2014 г. Ашраф Гани Ахмадзай вступил в должность президента страны), точку в процессе ставить, наверное, пока рано. Многие будут зависеть от выборов следующего года в Волуси Джиргу (нижняя палата афганского парламента). Будучи единственным органом власти, легитимность которого не ставится под сомнение, нижняя палата парламента станет ареной битв не только среди ее депутатов, но и представителей исполнительной власти страны: и президент, и обладатель утешительного

приза в виде новоизобретенной должности председателя Исполнительного Совета правительства наверняка попытаются привлечь на свою сторону парламентариев для обретения большего политического веса в глазах афганского общества.

Таким образом, выборы президента в стране стали лишь прелюдией к ее стабилизации. Пока нельзя дать однозначный ответ о том, что они стали гарантом мирного модернизационного развития Афганистана. Ни одна из внутренних проблем этими выборами решена не была. Но был сделан шаг по пути к их решению.

Исходя из вышеизложенного, по нашему мнению, проблема - 2014 должна решаться целым комплексом мер, направленных в первую очередь не на отгораживание страны от соседей, а на решение внутренних проблем афганского общества. Помощь мирового сообщества в решении социально-экономических, гуманитарных проблем афганцев привела бы к внутренней стабилизации в стране, и мероприятия по укреплению государственных границ, усилению пограничных группировок, расширению военного присутствия, интенсификации военно-учебной деятельности в соседних странах потеряли бы свою актуальность.

Конечно, это чересчур оптимистичный сценарий развития событий в рамках проблемы – 2014, и скорее всего, совершенно нереализуемый на современном этапе. Центрально-азиатским странам, в том числе Казахстану, приходится, надеясь на лучшее, готовиться к худшему – серьезной дестабилизации региона после окончания вывода войск Международных сил содействия безопасности в конце 2014 года, и действовать в соответствии со складывающейся обстановкой.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Интервью Генерального секретаря ОДКБ Н. Бордюжи Пятому каналу на саммите ОДКБ в Сочи 23 сентября 2013 г. Сайт Пятый канал. [Электронный ресурс]. – 24.09.2013. – URL: http://www.newstube.ru/tags/sammit_odkb

2 Кобыров Б. Назарбаев: Ничего катастрофического в Центральной Азии с выводом войск из Афганистана не произойдет. Сайт Тенгри-news. [Электронный ресурс]. – 25.04.2013. – URL: http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-katastroficheskogo-tsentralnoy-azii-vyivodom-voysk-afganistana-232971/

3 Мендыгалиев А. Что ждет Афганистан и Центральную Азию после 2014 года? Сайт Регион. [Электронный ресурс]. – 22.01.2013. – URL: http://www.region.kg/index.php?option=com_content&view=article&id=675:-2014-&catid=4:politika&Itemid=5

4 НИК Афганистана объявил о победе Ашраф Гани Ахмадзая на президентских выборах. Сайт Афганистан.ru. [Электронный ресурс]. -

21.09.2014. - URL: <http://afghanistan.ru/doc/78224.html>

5 ОДКБ в течение трех месяцев проведет первый этап укрепления таджикско-афганской границы. Сайт Регнум. [Электронный ресурс]. – 21.10.2013. – URL: <http://www.regnum.ru/news/1722132.html>

6 Сергей Лавров считает преждевременным вывод войск из Афганистана к 2014 г. Сайт Пентагонус. [Электронный ресурс]. – 20.03.2013. – URL: http://pentagonus.ru/news/20_03_2012_sergej_lavrov_schitaet_prezhdevremennym_vyvod_amerikanskikh_vojsk_iz_afganistana_k_2014_god

7 «США и Центральная Азия после 2014-го»: Вывод войск из Афганистана повысит фактор риска конфликтов и присутствия исламистов. Сайт Геополитика. [Электронный ресурс]. – 12.02.2013. – URL: <http://www.geopolitics.ru/2013/02/ssha-i-centralnaya-aziya-posle-2014-go-vyvod-vojsk-iz-afganistana-povyisit-faktor-riska-konfliktov-i-prisutstviya-islamistov/>

ӨОЖ 81/373.21

Қаскенова А.А.

Алматы сән және дизайн колледжі

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ТАРИХЫ

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алғаннан бері соңғы уақытта жалпы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне және атап айтқанда халықтың шығу тегі тарихына ден қою арта түсуде. Соның бір дәлелі ортағасырлық мемлекеттер, тайпалар туралы зерттеулердің ғылыми айналымға енгізілуі еді. Дұшпанына қатал, бауырына адал, туған жерінің табиғатымен біте қайнасып, қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында алдына мал салған бұларды басқа халықтар – көшпелілер деп атаған. Осындай көшпелі тайпалардың бірі – қыпшақтар еді. Бұл тайпалар ежелден «жау жүрек», «батыр», «қайтпас рухты қыпшақтар» атанған. Себебі, өзінің жері мен елін қорғауда, қыпшақтар ештеңеден аянбаған, тіпті жолындағы жаулардың күші мығым болсада, бас тартпаған қайсар рухты халық екендігін тарих беттерінен берілген мәліметтерден-ақ дәлелдеп көрсеткен.

Қазақ халқының негізін құрайтын бұл тайпалар, халықтың қалыптасуына үлкен септігін тигізген болатын. Зерттеуші-тарихшылардың пікірінше, егерде моңғол-татар шапқыншылығы болмаған күнде, қазақ халқы бүгінде қыпшақтар деп атанып кету әбден мүмкін болатын. Мысалы, қыпшақтар III ғасырдан XIII ғасырға дейін қыпшақ этносы этникалық дамудың әр түрлі бес жағдайында – Ішкі Азиядағы тайпадан Қазақстан аумағында қыпшақ халқы қалыптасуының аяқталу кезеңіне дейінгі жағдайда болды. XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы қыпшақ

халқының белгіленіп қалған құрылу процесін үзіп тастады. Моңғолдарға дейінгі кезеңнен айырмашылығы, одан кейін қыпшақ қоғамындағы тарихи процестің дамуы олардың өзінің этникалық қалыптасуы бойынша жүрмей, олардың бөлшектенуі, ең алдымен қазақ халқының, сондай-ақ толып жатқан өзге де түркі тілдес халықтардың құрылуына қатысу арнасына түсті. Бұл кезеңде қыпшақтар этникалық дамудың енді басқа бір таксономикалық деңгейінде болды. Сөйтіп қыпшақтардың тарихи құрылған этникалық қауымдары қыпшақтардың белгілі бір этнонимі жағдайындағы серпінділігімен өзгеруі кезінде қалыптасты. Осы мәселелердің өзі тақырыптың өзектілігін аша түседі. Халықтың қалыптасуында ғана емес, жалпы өз мемлекетін жаудан қорғауда қыпшақтар алдыңғы қатарлы тайпалардың бірі болды. Өз жерлерін қорғауда олардың үнемі жеңіске жетуінің бір себебі; қайсар рухтылығы болса, екінші бір себебі; әскери тактикасының мықтылығы арқасында ұлан-ғайыр аймақтарды өздеріне қаратқан болатын.

Қыпшақтар тек қазақ жерінде ғана емес, Мысыр, Үндістан тіпті, Еуропа жерлеріне дейін кең таралған тайпалардың бірі болды. Қыпшақтардан шыққан әйгілі батыр, Сұлтан Бейбарыс қазақ халқының жат елдегі билеушісі болды. Яғни, моңғол-татар шапқыншылығымен қыпшақ атауы мүлде жойылып кетті деу қате пікір. Біз мұны тіпті, кейіннен Шыңғысханның ұрпақтары мысалы, Батыйдың Шығыс Еуропа даласына жасаған жорықтарының алдыңғы шептерінде орналасқан жауынгерлердің қыпшақтардан тұрғандығынан білеміз. Тіпті, ол негізін қалаған мемлекет тарихи әдебиеттерде «Қыпшақ ұлысы» немесе «Қыпшақ Ордасы» деп аталған.

«Қыпшақ» сөзінің шығуы туралы мынадай болжамдар бар; Рашид-ад-дин «қыпшақ» сөзін «қабуқ» (қабық, іші қуыс ағаш) деген сөзден шыққан дейді. Аңыз бойынша оғыздардың Оғыз қағаны бір жорықтан қайтып келе жатқанда, ағаш қуысында жаңа ғана босанып, ұл туған әйелді кездестіреді. Сол ұлды асырап алып, атын Қыпшақ қояды. Кейіннен ол ер жеткен соң атақты батыр, қолбасшы болып, ел билейді де, онан таралған ұрпақтар «қыпшақ» деп аталып кетті дейді. Қыпшақ сөзін – «құба» яғни құба жүзді немесе көне түрік тіліндегі «қыпшақ» - көзді жыпылықтататын кірпік қағу деген түбірден шықты деген болжам бар. Қыпшақтар туралы алғашқы мәліметтердің бірін көне (б.з.б 201 ж.) Қытай деректерінде кюеше, кинча, куча, хибиса деген бірнеше атаулармен көрсеткен. М.Қашқари өз еңбектерінде «қыф» сөзінің байлық, бағыт деген мағына береді дегенді дәлелдесе, мұндағы «шақ» - ел деген ұғымды білдіреді деп көрсетеді. Әйгілі ғалым А.Бернштам: «Қыпшақтар-бейне үйсін, қаңлы сияқты ежелгі елдердің бірі. «Қыпшақ туралы алғашқы мәліметтер Жұңғоның заманымыздан бұрынғы 201 жылдағы «Тарихи жазбалар» еңбегінде кездеседі, дегенді айтады. Еліміздің хан патшалығы дәуіріндегі деректемелерде айтылатын хуша (қыпшақ) тайпалары Ертіс

өзенінің алқабын, Нарым және Қалбин тауларының бөктерін қоныстанған көшпелі ел еді. Олардың шығыстағы көршілері чештер, батыстағы көршілері Іле аңғары мен Жетісу жерін мекендеген үйсіндер болатын. Бұл дәуірдің деректерінде, олардың талай рет һүндер шабуылына ұшырағандығы және оларға тәуелді болғандығы айтылады [1, 5б.]. Яғни бұдан біз, қыпшақтардың этникалық, әлеуметтік-саяси және экономикалық жағынан өзіндік қалыптасу жолы бар тайпалар екендігін аңағарамыз. Бұл тақырыптың өзектілігінің кеңінен ашылуына мүмкіндік береді.

Қыпшақтар туралы әртүрлі жазба деректер әртүрлі мағына білдіреді. Батыс Еуропа деректерінде «командорлар» немесе «кумандар» деп атаса, ал орыс деректерінде «половецтер», ал венгрлер «кун» немесе «күндер» деп аталған. Қыпшақтар жетінші ғасырда Ертіс өзенінің басымен Алтай тауларын мекендеп, түрік қағандығының құрамына қосылды. Түрік қағандығы әлсірей бастаған кезде тарих сахнасына шығуға талпына бастады. Селенгі өзені бойында орхон жазуымен жазылған (759-жылы) Мойыншор құлыптасындағы «Түрік қыпшақтар елу жыл үстемдік етті» деген сөз осы жағдайды әйгілейді. VIII-X ғасырларда қыпшақтар Қимақ мемлекетінің құрамын қосылып, оның батыс бөлігі саналды. XI ғасырдың басында Қимақ мемлекетінің өкімет билігі қыпшақ тайпасының қолына көшті. Осыдан тартып бұрынғы қимақ қоластындағы тайпалар «қыпшақ» деп аталды. Қимақтар да (иемак) деген атпен қыпшақ бірлестігінің құрамына кірді.

XI ғасырдың басынан бастап қыпшақ бірлестігі көптеген түркі тілдес тайпалардың басын біріктірді, олар үстем тайпаның атымен қыпшақтар деп аталды. Сөйтіп, қыпшақ деген сөз әрі қыпшақ тайпасының жеке аты, әрі осы қыпшақ тайпасының қоластына біріккен түркі тілдес тайпалардың жалпы аты ретінде қолданылды. Олар шығыстан батысқа жылжып, Сырдария бойындағы оғыздардың мемлекетін құлатып, бұрынғы «мұзафат әл-ғұз» (оғыздар қонысы) деп аталған аймақтарды басып алып, оны «дешті қыпшаққа» (қыпшақ даласына) айналдырды. Оғыз тайпалары қыпшақтардан үркіп, Маңғыстау мен қазіргі Түрікпен жеріне қарай ығысты. XIII ғасырдың басында қыпшақ бірлестігі мейлінше күшейді, олардың өріс-қоныстары Ертіс өзені мен Дон өзеніне дейін, Орал тауынан Қаратеңізге дейін жетті. Осы ұлан-байтақ өңірді мекендеген түркі тілдес тайпалар қыпшақ бірлестігінің құрамына еніп «қыпшақтар» деп аталды. Бұл дәуірде осы өңірде мекендеген қазақ тайпалары да қыпшақ деп аталды [2, 89 б.]. Демек, қыпшақтар мекендеген территорияның өзі сол тайпаның атымен аталса, бұл осы тайпалардың мықты ел болғандығын көрсетеді.

XI ғасырдың басынан бастап шығыстан батысқа жылжыған қыпшақ тайпалары жол-жөнекей талай ру-тайпаларымен және халықтарымен қақтығысып, оларды бағындырып, олардың едәуір бөлегін өзіне қосып алып, бірте-бірте Шығыс Еуропаға, Кіші Азияға, тіпті Мысырға дейін жайылды. Олар аяғы жеткен жерде әскери үстемдікті қолға алып, әр алуан

соғыс жорықтарына қатынасты. Мысырдағы қыпшақ қолбасшылары Айбек пен Бейбарыс Мысыр елінің мемлекет билігін қолына алып, Мамлук әулетінің (1250-1517) негізін қалады. Бұлар Мамлук қыпшақтары деп аталады. Махмұд Қашқаридың айтуынша, қыпшақтардың рулық-тайпалық одағына иемак, сұвар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба (мүмкін тукси), жете, бөрілі тағы басқа рулар енген. Араб тарихшылары түркі тілдес тайпалардың бәрін қыпшақ деп есептеген.

Ибн-Қалдон мен Ан-Новайри мынадай қыпшақ тайпаларын атайды. Олар: тоқсаба, иета (жете), буржоғлы, бөрілі(елбөрі), қаноғлы (қанғар,оғлы, қаңлы), анжыоғлы (оғлы), дөрүт, қарабар оғлы (қарабалы), жүзаң (жерсақ), қарабөрікті, қотан (кунүн). Тағы бір араб авторы Шамисидин Диманқи өз шығармасында қыпшақтардың руларын былай атайды: биркүүа, тұрсаба, исиа, барт, аларыс, бозұғ, оғлы, менгү оғлы, иемак, тоғ, башқұрд, команко, бұзанқо, бежана, қарабөрілі, ұз, жұртан.

Қазақ шежірелері қазақтың қыпшақ тайпаларын былай таратады:қазақтың орта жүзінен қыпшақ, одан сұлым алып, одан көбек алып, одан мүйізді, одан сары абыз, осы сары абыздан 5 таңбалы қыпшақ-бұлтың, торы, ұзын, көлденең, қарабалық тарайды. 5 таңбалы қыпшақтардың шешесі былай депті деген аңыз бар: «Бұлтың бітті бойыма, билік кірді ойыма; торы бітті бойыма, зорлы кірді ойыма; ұзын кірді бойыма, ерлік бітті ойыма, көлденең бітті бойыма, саудагерлік кірді ойыма, қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма». Бұл сөз қыпшақтардың даму кезеңдерін бейнелейді. Кейбір қазақ шежірелері қыпшақ руларын қара қыпшақ,қытай қыпшақ, құлан қыпшақ, торы қыпшақ деп төртке жіктейді [3, 24 б.].

XI-XIII ғасырларда ұлан-байтақ өңірге өрістеп кең жайылған қыпшақтар негізінен екі бөлікке жіктеледі. Оның Еділ өзенінің шығысындағы бөлігі «Шығыс қыпшақ», Еділ өзенінің батысындағы оңтүстік орыс даласын, Кавказ, Қырым өңірін және онан әрі батысқа созылған жерлерді мекендеген бөлігі «Батыс қыпшақ» деп аталды. Тарихшылардың зерттеуіше, қыпшақтардың шығыс бөлігі өздерінің байырғы мекенінде қалған таза қыпшақ одағы болды. Оған бұрынғы қыпшақ бірлестігіне қараған тайпалардың негізгі бөлігі,қарлық, қаңлы, қарақытай және басқа дешті қыпшақ тайпалары кірді. Бұлардың бәріде түркі тілдес тайпалар еді. Ал қыпшақтардың батыс бөлігі қыпшақтар мен басқа түркі тілдес тайпалардың одағы болды, бұл одаққа печенегтердің, оғыздардың, ежелгі бұлғардың және ежелгі башқұрт тайпаларының бір бөлігі кірді.

Қыпшақ тайпалары кейін келе көптеген түркі тілдес халықтардың қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, ноғай, әзірбайжан,түрікпен, қарачай, балқар, қарайым т.б. халықтардың құрамына кірді. Оның қазақ халқының құрамына енгендері шығыс тобына жататын, өзінің байырғы мекенінде қалған бөлігіеді [4, 19 б.]. Қазақ қыпшақтарының

таңбасы: қос таяқ (П), ұраны: ойбас. Сонымен, ғылымда қыпшақ тайпаларының территориясына қарай 5 топқа бөлуге болады:

Алтай-Сібір қыпшақтары;

